



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ
2013 жыл
2012 жыл
2011 жыл
2010 жыл

2009 жыл
2007-2008
2006 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:
2007-2008 жылдар

2007 жылғы ел экономикасының тұрақтылығы сынан өтті. Жыл басынан жаңа Үкімет жасақталып, Премьер-Министр Қарым Мәсімовтің командасы іске кіріскен еді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қаңтардың 12-сі күніндегі алғашқы отырысында-ақ Үкімет әкімшілік реформаны жалғастыру, бюджеттік жоспарлау мен бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, өңірлерді дамыту, бәсекегерлікті қорғау мен дамыту, тұрғын үй құрылысын дамыту, инфрақұрылымды басқару жүйесін жетілдіру, аграрлық саланы, мемлекеттік тілді дамыту сынды сегіз бағыт бойынша жұмыс істеді. 2007 жылдың екінші жарты жылдығында әлем елдерінің басым бөлігінде орын алған азық-түлік тапшылығы Қазақстанның нарығына да тікелей әсер еткенмен, ұлттық экономика шатқаяқтап, тұралап қалудан аман шықты. Бұған, ең алдымен, Үкіметтің сол дағдарыстардың қарқындандыруа жол бермей, олардың салдарын жою үшін дер кезінде қолға алған шаралары себепкер болды. Оған қоса, экономиканы әртарапандыруға тың серпін беретін «Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында еліміздің әр өңірлерінен экономиканы алға сүйрейтін серпінді жобалар сұрыпталып, экономиканы ілгерілетуші жобалардың құрылысы басталып та кетті. Елбасы Жолдауында айтылған тапсырмаларға сәйкес, республикада үш жылдың ішінде салынуы тиіс 100 мектеп пен 100 аурухананың алғашқыларының іргетасын қалау жұмыстары да осы жылғы басталды.

Елде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардан Сыр өңірі де тыс қалған жоқ. Облысқа тән негізгі төрт мәселе, атап айтқанда, жылда болатын су тасқыны, тұрғындарды газбен, сапалы ауызсумен және үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету маңызды болды. Сол кездегі Үкімет басшысы Қарым Мәсімовтің өңірге кезекті жұмыс сапарында аталған мәселелер көтеріліп, оны шешу жолдары талқыланды. Бұл мәселелер бұдан бірнеше жыл бұрын да айтылып, қолға алынғанымен тиісті жүзеге асырылмай келе жатқанды. 2-бет

2 10 ай: көрсеткіш оң сипатқа ие

3 Имам мұғалім

4 Ел жүрегіндегі Елена

4 Жолбарыс алған жігіттер

● ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Ұлттық валюта күнімен құттықтады деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Баршанызды Ұлттық валюта күнімен және қаржыгерлерді кәсіби мерекесімен құттықтаймын!

Төл теңгеміз – кәстерлі Тәуелсіздігіміздің символы. Сонымен қатар экономикалық дамуымыздың басты кепілі. Еліміздің қаржы жүйесіне халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту міндеті жүктелді, – деп жазды Мемлекет басшысы Twitter-де.

Еске салайық, 15 қараша – Ұлттық валюта – Теңгенің айналымға енген күні және ҚР қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.

● ПАРЛАМЕНТ

КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Маулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 2021 жылғы 18 қарашада өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы отырыста сенаторлар «2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын қарайды.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2022-2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң жобасы да Сенат отырысының қарауына шығарылды. Бұл құжат ортақ зейнетақылар мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерді орындауға ықпал етеді.

Бүгінгі отырыста алдағы жұма күні өтетін өңірлердегі мәслихаттар хатшыларымен офлайн кездесуге дайындық барысы да пысықталды. Айта кетейік, биылғы наурыз айында мәслихат депутаттарымен кездесу өткен болатын. Алайда, ол кезде іс-шара онлайн форматта ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, отырыста Мәжілістен келіп түскен заң жобалары жұмыс үшін Сенат Комитеттеріне бөлініп берілді.

● ҮКІМЕТ

«СБЕРБАНКПЕН» ЖҮМЫС ІСТЕУ ЖАЙЫН ТҮСІНДІРДІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин БАҚ өкілдерімен кездесуде «Сбербанкпен» жасалған меморандумға қатысты пікір білдірді деп хабарлады ҚазАқпарат тілшісі.

«Тағы да қайталап айтқым келеді: бірінші кезекте біз үшін жеке деректерді қорғау мен ақпараттық қауіпсіздік басымдықта болады. Тек қана «Сбер» платформасы бізге қолдарды алуға және қолдарды ақпараттық қауіпсіздік органдарында сақтауға мүмкіндік береді. Яғни, шын мәнінде біз жеке деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге кепілдік береміз. Өрине, ең басты шарт – біздің әрі қарай да цифрлық трансформациялануымыз. Бізде Қазақстанда 400-ге жуық ақпараттық жүйе бар, олардың бір-бірімен өзара әрекеттесуі төмен деңгейде, деректер айырмашылығы бар және бұл әрдайым тиімді бола бермейді. Платформалық шешімдер арқылы біз бұл мәселені шеше аламыз деп үміттенеміз», – деді А. Мамин.

Үкімет басшысы бұл жұмысқа жергілікті қазақстандық IT-сектор да тартылатынын атап өтті.

«IT-сектор мен қосымшаларды дамыту үшін біз міндетті түрде өзіміздің IT-секторын тартамыз. Сондықтан біздің азаматтарымызда цифрлық тәуелсіздіктің жоғалуы немесе жеке деректердің қолды болуы жөнінде алаңдаушылық болмауы тиіс. Бұл үшін біз жауаптымыз. Үкімет жауапты. Біз бұл міндетті қамтамасыз етеміз. Бірақ мемлекетіміздің одан әрі дамуы тұрғысынан, цифрлық трансформация тұрғысынан бұл жай ғана қажеттілік. Біз осы бағытта жұмыс істеуіміз керек және серіктес ретінде бүгінде «Сбер» тобымен жұмыс істеп жатырмыз», – деп толықтырды Үкімет басшысы.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа вакцина жайында не білеміз?

Өткен тәулікте өңірде коронавирус инфекциясының 18 жағдайы анықталды. Облыс бойынша инфекциялық стационарда 163, реанимациялық төсек-орында 21 науқас ем қабылдауда. Жалпы облыс «жасыл аймақта».

Бытырдан бері шетелдік және отандық ғалымдар бұл дертпен күресу үшін вакцина жасау жолында көп тер төкті. Нәтиже – қуанарлық. Быыл ақпан айынан бастап елімізде жаппай вакциналау шарасы жүріп жатыр. Облыста вакцинаның I компоненті егілгендер саны – 385601, халықтың қамтылуы 85,2 процентті құрайды. II компонентпен 320 783 адам қамтылды (70,9 процент). Одан бөлек, өткен аптада өңірге 23400 доза «Pfizer» вакцинасы келді. Бұл вакцина 12-18 жас аралығындағы балалар мен жүкті және бала емізетін әйелдерге арналған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Деректерге сүйенсек, АҚШ-та аталған екіге 8 млн-нан астам балаға салынған екен. Жалпы, бұл елде вакцина балаларға 5 жастан бастап салынса, Қытайда 3 жастан бастап егіледі. Қытайда қазан айындағы дерекке сәйкес 3-17 жас аралығындағы 60 млн-нан астам бала инактивті екіге алды. Әлемнің 20-дан астам елінде екіге балаларға 12 жастан бастап салынып жатыр. Қазақстан осы кейінгі санатқа енбек, яғни, еліміз әлемдегі іңдеттің құбылмалы райын ескере отырып, 12-18 жас арасындағы балалар мен жасөспірімдерді иммундауда өзге елдер секілді «Pfizer» вакцинасын пайдалануды қолға алды.

Мамандар жүкті әйел вакцина алса, баласы да коронавирусқа қарсы иммунитет дүниеге келетінін айтады.

– Аймақта алғашқы болып медициналық колледж студенттері екіге алуды бастады. 70 студентке ата-аналарының келісімімен вакцина салынуда. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы ұсынған «Pfizer» вакцинасының ерекшелігі – оның құрамында вирус болмайды. Бүгінде барлық емханаларда дайындық жұмыстары пысықталған. Арнайы орталық қоймаға 2 тонназғытыш әкелінді. Өткен аптада «Pfizer»-дің 23400 дозасы жеткізілді.



Ол ата-аналардың келісімімен 12-18 жастағы жасөспірімдерге, 16-37 апта аралығындағы жүкті әйелдер мен босанғанына 42 күн болған бала емізетін әйелдерге салынады, – делі облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Вакцина салған балаларда «жасыл», «көк», «қызыл» мәртебесі бола ма? Алматы қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Жандарбек Бекшиннің айтуынша, балаларға вакцина салғаннан кейін оларға мәртебе беру туралы әзірге ешқандай тапсырма түспеген. «Қазіргі таңда балалар және жасөспірімдерден сенбі, жексенбі күні басқа мекемелерге кірген кезде «жасыл» мәртебесі сұраламайды. Екіге салдыру ерікті түрде өтіп жатыр. Бұл мәселе бойынша ешқандай қосымша тапсырма түскен жоқ» – деді ол.

Жалпы, «Comirnaty» екіпесі – америкалық «Pfizer» компаниясы мен Германияның «BioNTech»

технологиялық компаниясы шығарған РНК-ға негізделген матрицалық вакцинаның (мРНҚ) сауда атауы. Вакцина курсы 21-28 күн аралығымен салынатын екі дозаны қамтиды. «Pfizer», яғни, «Comirnaty» – Қазақстанда тіркелген алтыншы вакцина. Оның халықаралық патенттемеген атауы – «Тозинамеран» (ағылшынша tozinameran). Вакцина былтыр тамыз және қыркүйек айларында мыңдаған адамға сыналды. Қараша айында аралық сынақ талдауы аясында COVID-19 диагнозы қойылған және кандидаттық вакцина алғандар зерттелді. Бұл екінші дозadan кейін жеті күн ішінде инфекцияның алдын алуда 90%-тен жоғары тиімділікті көрсетті. Бытырғы желтоқсанға дейін дәрі-дәрмектер саласындағы бірнеше үкіметтік реттеуші органдар «Тозинамеранды» жедел қолдануға рұқсат беру үшін бағалады. Ұлыбритания – бұл вакцинадан төтенше жағдай протоколы бойынша қолдануға рұқсат берген алғашқы ел. Одан кейін Бахрейн, Сауд Арабиясы және АҚШ, ал Канада жедел қарау процедурасынан

кейін сатуға толық рұқсат берді. 2020 жылғы 21 желтоқсанда «Comirnaty» вакцинасын Еуропалық дәрілік заттар агенттігі шұғыл жағдайларда пайдалану үшін, сол жылғы 31 желтоқсанда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдады. Осылайша «BioNTech» компаниясының «BNT162b2» вакцинасы «Comirnaty» атауымен ЕО-медициналық препараттар тіркеліміне енді. Сол күні Еуропалық дәрілік заттар агенттігі (төтенше жағдайда) BioNTech және «Pfizer» компанияларының «Comirnaty» вакцинасын Еуроодақта 16 және одан жоғары жастағы адамдарға пайдалануға кенес берді.

Жалпы республикаға «Pfizer» вакцинасының 379 мың дозасы жеткізілді. Ол өңірлерге жіберілуде. «СК Фармация» баспасөз қызметінің басшысы Әйгерім Смайылованың айтуынша, еліміз «Pfizer» вакцинасының жалпы 4 миллион 230 мың дозасын сатып алды, яғни, бұл вакцинадан 2 миллион 115 мың қазақстандық салдыра алады.

● ПРЕМЬЕРА

«Кездесу мен қоштасу»



Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында орыс драматургы А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» спектаклінің премьерасы өтті. Спектакльдің қоюшы-режиссері Түркістан музыкалық драма театрының бас режиссері Данияр Базарқұлов, қоюшы-суретшісі Нұркен Қалымбетов. Шығарманы орыс тілінен Асхат Мамеров аударған.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

«Кездесу мен қоштасу» – психологиялық драма жанрында жазылған шығарма. Онда адамдар арасындағы ұлы сезім – махаббаттың отбасылық өмірде талай-талай сыналатынына куә боласыз. Оқиға желісінде отау құрған жандардың отбасы алдындағы жауапкершілігі айқындалып, өмірдің өтпелі қиындықтарына қол ұстасып қарсы тұра білуі қажеттігі көрініс табады. Осыған мысал ретінде алынған Лавров, Козлов, Кириши, Шумилов, Миронов, Бельев сияқты бірнеше отбасылардың басындағы ұрыс-керіс, дау-жанжал жаныңды ауыртады. Бұған ерлі-зайыптылардың біріннің тым тәкаппарлығы себеп болса, біріннің еңсарлығы, енді бірінде қызғаныш өрті шаңырақтың шырқын бұзады.

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:

жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.

Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

10 ай: көрсеткіш оң сипатқа ие

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдікальқованың төрагалығымен осы жылдың 10 айдағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен бюджеттің орындалуы бойынша мәжіліс өтті. Жиында облыстық қаржы басқармасының басшысы Елена Шаवरова, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ринат Құдайбергенов атқарылған жұмыстарды баяндады.

Облыстық қаржы басқармасының басшысы Елена Шаवरованың айтуынша, 2021 жылғы

қарашадағы көрсеткішпен облыс бюджеті түсімдер бойынша болжам 101,8%, оның ішінде меншікті кірістер 109,4% орындалып, облыс бюджетіне 5,4 млрд теңге артығымен түскен. Сондай-ақ, негізгі капиталды сағудан түсетін түсімдер 958 млрд теңгеге орындалған. Бұл көрсеткіш те межелеп асып тұр.

2021 жылдың 10 айында облыс бюджеті шығыстар бойынша 98,4% орындалды. Оның ішінде үнемделген қаржы 731 млн теңгені құрайды.

Ал, Ринат Құдайбергенов осы жылдың қантар-қазан айларында облыс әкімінің іс-шаралар жоспары орындау және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады. Атап айтқанда, биылғы қантар-



қазан айларында 620,5 млрд теңгеге өнеркәсіп өнімі өндіріліп, бұл 2020 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 0,3% артық. Өнеркәсіптің өңдеуші секторы бойынша негізгі капиталға инвестиция көлемі 218,8 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, қантар-қазан айларында облыста жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 5,8%-ке артып, 50 492 бірлікті құраған. 2021 жылдың 1 қарашасына 14 114 жаңа жұмыс орны құрылды.

Мәжіліс қорытындысы бойынша облыс әкімі басқарма басшыларына жұмыс қарқынды күшейтіп, жыл соңына дейін бюджет қаржысын толық игеруді қамтамасыз етуді және жоспарланған жұмыстарды уақытылы әрі сапалы орындауды тапсырды.

● ЕКПЕ АЛ!

Болашақ мейіргерлер шешімі



Кеше 12-18 жас аралығындағы балаларға «Pfizer» вакцинасын егу басталды. Алғашқы болып Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 70 студенті ата-аналарының келісімімен вакцина салдырылды. Шараға облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов қатысты.

Гүлбану МАКАЖАН, «Сыр бойы»

— Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы ұсынған «Pfizer» вакцинасының ерекшелігі — оның құрамында вирус болмайды. Бүгінде барлық емханаларда дайындық жұмыстары пысықталған, — деді Жангелді Шайымбетов.

Аймақтағы медицина мамандарын дайындайтын іргелі оқу орны да әзірлік жұмыстарын жүргізген.

Қызылорда медициналық жоғары колледжі директорының орынбасары Бакыт Егізбайқызының айтуынша, студенттерге пандемия уақытында вакцинациялаудың маңызы, оның құрамы туралы толық ақпарат берілген. Топ сағаттары, мамандармен кездесулер ұйымдастырылды. Ата-аналармен Zoom арқылы жиналыс жасап түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 70 ата-

ана келісім берді. Оқу орнында 14 жастан асқан 9, 15 жастағы 316, 16 жастағы 424, 17 жастағы 413 студент бар. Медициналық мамандықта оқып жатқан соң студенттерге вакцина салдыру туралы шешім қабылдау қиынға соқпайды деп ойлаймын, — деді ол.

Зәуре Сәдуақасова мейіргер ісі мамандығында 3 курста оқып жүр. Вакцина, салдыруға өзі шешім қабылдапты. Оған ата-анасы да қолдау білдірген. Ол бірінші медициналық тексеру кабинетіне кірді. Жалпы тәжірибелі дәрігер Мөлдір Абдуллаева мен спикер-эпидемиолог Райхан Каметова бақылап, дене қызуын, қан қысымын өлшеп, денсаулығына қатысты сұрақтарын қойып, анакетта толтырды. Дәрігерлердің шешімінен соң №1 емхананың

мейіргері Анель Кеңесбай Зауреке «Pfizer» вакцинасын салды. Студентке үш күн инъекция орынына су тигізбеу керектігін, ыстығы көтерілсе парацетамол ішіп, екпінің орны қызарса да ештеңе жағуға болмайтынын, жазылу кететінін түсіндірді. Дәрігерлер бақылауынан соң Зауренің жағдайын сұрады.

— Жағдайым жақсы. Бас айналу, жүрек айну секілді белгілер жоқ. Вакцина салдыруға өзім шешім қабылдадым. Болашақ мейіргерлер вакцинадан қорықпай, өзге жұрт қалай салдыралды? Сақтық қажет. Сондықтан өзімінен бастайын дедім. Ата-анам да менің шешіміме қарсылық білдірмеді, — дейді ол.

«30 минут бақылау» бөлмесінде тынығып отырған Хадиса Қуантханованың да жағдайы нормал болды. Екінші курс студенті жағдайының жақсы екенін айтты.

— «Pfizer» вакцинасы туралы ұстаздарымыз айтты. Өзім де қосымша ізденіп оқыдым. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сайтына да қарадым. Құрамында вирус болмайтынын білдім. Қазір COVID-19 әлем елдерінде қайта көбейіп жатыр. Сондықтан сақтық жасап, салдырып алғаным дұрыс болды, — дейді Хадиса.

Қала тұрғыны Жанар Жакыпова вакцина салдырған баласының қасында болды.

— Балам вакцина салдыратынын айтты. Қасында болып, жағдайын көзіммен көріп келді. Отыз минуттан соң жанымна бардым. Жағдайы қалыпты. Балаларымыздың саулығы маңызды, — дейді ол.

Айта кету керек, аймағымызға «Pfizer»-дің 23 400 дозасы жеткізілді. Ол ата-аналардың келісімімен 12-18 жастағы жасөспірімдерге, 16-37 апта аралығындағы жүкті әйелдер мен босанғанды 42 күн бойлан бала емзетін әйелдерге салынбақ.

● ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Елімізде I топтағы 66 мың мүгедектің әрбір үшіншісі күтім жәрдемақысымен де, жеке көмекшімен де қамтамасыз етілмеген.

Айсәуле ҚАРПАЕВА, «Сыр бойы»

Көбейген жәрдемақының көлемі қандай?

Жуырда қолданысқа енген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекеменшік санаттарының әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң аясында қамқорлыққа мұқтаж 24 мың адам күтім бойынша жәрдемақымен қосымша қамтылатын болды. Сонымен қатар, заңда 7 мен 16 жасқа дейінгі балалардың мүгедектік топтарға бөлу арқылы, оларға көрсетілетін әлеуметтік көмек ауруының дәрежесіне қарай жәрдемақы мөлшерін саралау мүмкіндік берді. Барлық топтар үшін жәрдемақы мөлшері 16,7%-тен 37%-ке дейін көбейді.

Облыста мұндай жәрдемақыны әзірге нақты қанша адам алатынын туралы ақпарат жоқ. Себебі өзгерістерге байланысты оларды топтарға бөлу, қайта қарау сынды жұмыстар әлі жүріп жатыр. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-кон комитеті облыс бойынша департамент басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Айгүл Маханова жана толықтырулар туралы түсіндіріп берді.

Бұған дейін аталған жәрдемақы 18 жасқа дейін мүгедек бала тәрбиеленетін үшін ата-анасына, қамқоршысына және бала кезінен бірінші топтағы мүгедектікке күтім жасайтын адамдарға ең төмен күн-көрсеткішіне 1,40 мөлшерінде тағайындалып, төленіп келген еді. Осы кезге дейін мүгедек балалар 16-дан 18 жасқа дейін топтарға бөліне, енді 7-ден 16 жасқа дейінгі балалар сырқатының ауырлық дәрежесіне қарай топқа бөлінді, — дейді ол.

Мүгедектігі бойынша ай сайынғы жәрдемақы 7 жасқа дейінгі мүгедек

балаларға 48 023 теңге мөлшерінде беріледі. I топ 7-ден 18 жас аралығындағы мүгедек балаларға 65860, II топ үшін 54541, III топқа 48023 теңге көлемінде. Ал бала кезден бірінші топ мүгедектеріне 65860, екінші топтағыларға 54541, үшінші топтағы мүгедектікке 41163 теңге жәрдемақы тиесілі. Ерекеткер үшін бірінші топтағылар 65860, екінші топ 52483, үшінші топтағы мүгедектікке 35675 теңге тағайындалады.

Сонымен қатар, заңда мүгедектігі және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығы көзделген. Бұл өзгерістер асыраушысынан айырылған және құрамында мүгедек бала бар отбасылардың табыс деңгейін арттырады.

Асыраушысынан айырылу бойынша I балаға жәрдемақының мөлшері 29500 теңгені құрайды, ол бала санына қарай өзгереді.

Бұдан басқа, мүгедек балаларды топқа бөлуге байланысты Байқоңыр қаласындағы мүгедек балаларға берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы көлемінің мөлшері артағын болды. I-II топтардың жәрдемақысы 4346 теңге (2479 теңгеге көбейеді), III топтағы мүгедек балалардың жәрдемақысы «0,64»-тен «0,96» АЕК-ке артады (1867 теңге — 2801 теңге).

Бұрын зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде еңбек өтіліне мүмкіндігі шектелуі балаға күтім жасау кезеңі 16 жасқа дейін алынатын еді. Енді мүгедек балаға күтім жасау кезеңі 18 жасқа дейін ұзартылды, яғни, мүгедек баланы күтім жасаған жылдар еңбек өтіліне есепке алынып, зейнетақы төлемін тағайындау кезінде оң әсерін тигізеді.

Жуырда облыстық мәслихаттың экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясында алдағы 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджеттің жобасы қаралды. Үш күнге созылған отырысқа комиссия мүшелерімен қатар облыстық мәслихаттың басқа да депутаттары белсенді қатысты. Бұл қызу талқылауға Қызылорда қалалық мәслихатының бірқатар депутаттары да келіп, өз ұсыныстарын айтты.

Бекітілер бюджетке байыпты талдау қажет

Депутаттардың сұрақтарына барлық облыстық бюджеттен қаржыландырылатын 29 мемлекеттік органның басшылары келіп жауап берді. Жүзден аса сұрақ пен ұсыныс айтылды. Барлық сала қамтылды. Жарық пен газ мәселесі, ауызсу және аяқсу проблемалары, жолдар мен көпірлер, каналдар мен насостар, құдықтар мен мал жайылымдары, қысқасы, халықтың тіршілік тынысындағы маңызды деген жайттар талқыға түсті.

Көптеген ұсыныс білім мен денсаулық сақтау саласы бойынша айтылды. Осы салалардағы қажетті жаңа құрылыстар мен жөндеу жұмыстары, балалардың мектептердегі қауіпсіздігі мен ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі, үйірмелер ашу қажеттігі, мекемелердің материалдық-техникалық жаратандырылуы сөз болды.

Спорт және мәдениет объектілерін салу мен әлеуметтік салаға қатысты мәселелер де көтерілді.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласында қазіргі проблемалардың бірі — қалаишілік жолаушылар тасымалы мәселесін шешуге қажетті қаржы бөлу керектігі айтылды. Қаланың тазалығы мен тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз етін отырған мекемелердің техникаларын жаңарту үшін де қаржы қарастыру жөнінде ұсыныс жасалды.

Осы айтылған ұсыныстар жинақталып, хаттамамен бекітіліп, облыс әкімдігіне ұсынылған бюджет жобасында қосымша қарау үшін жолданатын болады. Бұл жерде тағы бір ескерілетін мәселе бар. Келесі 2022 жылға арналған бюджеттің ерекшелігі әрі өте мұқият, сауатты талданып түрде бекітілуі барынша маңызды болмақ. Өйткені осы бюджет алдағы 2023-2025 жылдарға арналған облыс бюджетіне тікелей әсер етеді.

Қазақстанның аймақтарына республикадан бөлінетін субвенция үш жылға бекітіледі және ол өзгертуге жатпайды. Субвенция дегеніміз — облыстың бюджетіне республикалық бюджеттен берілетін қайтарымсыз қаржы. 2020-2022 жылдарға облыстарға тиесілі субвенциялардың көлемі ҚР Заңымен бекітілген. Ал, келесі үш жылдық (2023-2025 жылдарға) субвенциясы 2022 жылдың көктем айларында есептеле бастайды.

Алдымен облыстың өзі табатын кірістер есептеледі. Ол — салықтар, түсімдер, төлемдер. Оларды есептеуге негіз болатыны 2021 жылы нақты түскен түсімдер және 2022 жылға жоспарланған көлемдері.

Келесі кезекте облыстың ағымдағы шығыстары есептеледі. Шығыстар көлемін есептеу негізінде 2022 жылға арналған облыс бюджетінің бекітілген шығыстары алынады. Жалпы бюджет шығыстарының бір реттік шығыстар алынатын тасталады. Бір реттік шығыстар деген келесі жылы қайталанып шығыстар. Мысалы, бір мектеп құрылысына 2021 жылы толық қаржы қаралса, келесі жылы оның құрылысына қаржы бөлінбейді. Сөйтіп бюджетте тек жылдан-жылға тұрақты түрде қаржы қажет ететін ағымдағы шығыстар қалады. Оған жаңадан пайдалануға берілген объектілерді ұстап тұру шығыстары қосылады. Дау бюджеті мен күрделі шығыстар ескерілмейді. Олар республикалық бюджеттің мүмкіндігіне қарай есептелген ағымдағы бюджеттік көлеміне мұайыздық көрсеткішпен барлық өңірлерге бірдей айқындалады. Негізінде дау бюджетіне (құрылыс, қайта жанғырту) күрделі шығыстарға қарағанда неғұрлым көтеріңкі пайыз қолданылады.

Осымен облыс бюджетінің шығыстар көлемі айқындалады. Осы шығыстар мен облыстың өзі табатын кірістерінің айырмашылығы субвенция ретінде белгіленеді.

Кірістер болжамы төмен және ағымдағы шығыстар жоғары болса, облысқа тиесілі субвенция көлемі де артады. Сондықтан, 2022 жылғы облыс бюджетінің кірістері көтеріңкі емес және бюджеттің ағымдағы шығыстары толық көлемде болғаны абзал. Кейбір ағымдағы шығыстар көлем болып бекітілген жағдайда, мысалы айлық немесе субсидия, ол 2023-2025 жылдары жетіспей проблема болып қалыптасады.

Сондықтан, 2022 жылға арналған облыстық, қалалық, аудандық бюджеттерде осы жайттар ескерілу керек.

Талғат ЖАҚЫПБАЕВ, облыстық мәслихат депутаты, экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, «Ақ Жол» ҚДП-ның облыстық мәслихаттағы фракциясының мүшесі

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2007-2008 жылдар

Осы жылы Қызылорда облысын басқаруға Мұхтар Құл-Мұхаммед келді. Сырдария өзенінің тасынуын туындаған төтенше жағдайдың зардаптарын жоюға Үкімет резервінен 927 200 000 теңге бөлінді. Өзен жылда тасыса да, дәл мұндай мол қаржы ешқашан бөлінбеген еді. Наурыз мерекесі қарсаңында Сырдария ауданы Бесарық ауылында жаңа білім ошағы ел игілігіне берілді. Жобалық құны 191,7 млн теңгені құрайтын жаңа мектеп 475 оқушыға арналған. Салтанатқа қатысқан облыс әкімі жыл аяғына дейін сегіз жаңа білім ошағының ашылатынын айтты.

Сол жылдың қысында су тасқынынан зардап шеккен саяжай тұрғындары қауіпсіз жерге, яғни, жаңа қонысқа көшірілді. Қала іргесінен орын тепкен саяжай кешені халықтың жүретіне жақын «Наурыз» атауына ие болды. Ал сәуір айында саяжай кешенінің тұсауы кесілді.

«Таза ауызсу — денсаулық кепілі» екені белгілі. Жоғарыда аймақтағы айтулы мәселенің бірі — таза ауызсумен қамтамасыз ету екенін айттық. Осы орайда 2007-2010 жылдарға арналған облыстың елді мекендерін сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағдарламасы әзірленіп, жүйелі жұмыстар атқарылды.

Берген түзетулер енгізіліп, 2007 жыл Қазақстан демократиясы үшін тарихи жыл болды. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұрынғы Ата Заңымыз бойынша Мемлекет басшысының құзырлы да болып келген бірқатар өкілеттіктері Парламентке беріліп, заң шығарушы органның өкілеттілігі кеңейді. Іс жүзінде Қазақстан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне көшті. Парламент депутаттарының саны 38 адамға ұлғайып, 154-ке жетті. Осыған орай жаңа құқықтық алаңда қызмет ету үшін Мәжіліс өзін-өзі тарқатып, сайлау өткізді.

18 тамызда Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы тұңғыш рет партиялық тізім бойынша өтті. Сайлау Сыр елінде заң талаптары сақтала отырып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қызылорда облысы республикада көшбасшылар легінде болды. Облыс тарихында тәуелсіздік алғалы тұңғыш рет Қызылордада туып-өскен, білім алған азаматтар, атап айтқанда, Құттықожа Ыдырысов, Мұрат Әбенов, Қылышбай Бисенов, Жақып Асанов және Сейітсұлтан Әнімбетов сайланды. Жалпы сайлаудың қорытындысы бойынша сайлаушылардың 88 проценттен астам дауысын алған «Нұр Отан» партиясы жеңіске жетті. Қалған партиялар заңда белгіленген 7 проценттік межесі еңсере алмады. Сөйтіп заңға сәйкес, Мәжілісте 98 орынды «Нұр Отан» партиясының мүшелері иеленді.

Осы жылдың тамызында Сыр елінде тұңғыш халықаралық ат байғесі

өтті. Бәйгелі «Нұр Отан» партиясы мен облыстық ат спорты федерациясы ұйымдастырды. Жер-жерден жиналған кіл өрен жүйріктер тобын Сыр елінің атағын аспандатқан «Ауһартас» бастап жүрді. Бәйгелер республиканың түпкір-түпкірінен, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейден шашасына шаң жұқпас тұлпарлар келді. Жұлдеге шетелдік «Джи» автокөлігі бастаған тоғыз темір тұлпардың тігіліуі бұрын-соңды болмаған ерекшелік еді.

Жалпы 2007 жылы «Білім туралы» Заң, Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы, Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жарияланды.

2007 жылы сөзіле бастаған жаһандық дағдарыс салқыны 2008 жылы әлемдік мәселеге айналды шыға келді. Қаржылық-кредиттік құлдыраудың азық-түлік тапшылығына ұласып кетуі жұртшылықты біраз әуреге салды.

Президент тапсырмасы бойынша дағдарысқа қарсы «Жол картасы» бағдарламасы қабылданып, жұмыссыздық пен қымбатшылыққа тосқауыл болар тетік қосылды. Білік жұмыссыздық санын уақытша жұмыс орындарын құру арқылы азайтып, индустриялы жобаларды енгізу арқылы жаңа жұмыс орындарын шапшаңдатып ашуға бел буды. Президент шұғыл шешім қабылдап,

осы уақытқа дейін жеке-дара қызмет істеп келген мемлекеттік екі холдингі біріктіріп, «Самұрқы-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын құрды. Бұндай шешімнің маңызы зор болатын. Өйткені, қор қысқа мерзім ішінде әлсіреп қалған екінші деңгейдегі банкілерді басқару пакеті акцияларын иемденіп, сыртқы қарыздарды қайта құрылымдаумен, ішкі «қайтарылмайтын несие» атты ауыр жүкті өз мойнына алумен тікелей айналысып, нәтижесінде жекеменшік қаржы жүйесіне айтарлықтай демеу жасай алды. Кейіннен «Самұрқы-Қазына» банкітерді қолдау арқылы дағдарыс бастауында қантарылған құрылыстарға жаңа битті. Осындай тиянақты ұстаным арқасында дағдарыстың бетін қайтарып, «Жол картасы» атты тәжірибелер уақытшадан ұзақ мерзімге қарай ойыса бастады. Тұзастай алғанда жаһандық қаржы қыспағына түскенмен, Қазақстан үшін 2008 жыл сәтті болды.

Облыста да ауқымды жұмыстар атқарылып жатты. Әсіресе, қаланы көркейтуде қолдауларға көңіл бөлінді. Осы бағытта Тұңғыш Президент атындағы саябақтың құрылысы жүріп жатты. Ондағы жұмыстарды облыс әкімінің өзі қадағалап отырды. «Бытыр бұл жер су басқан аймақ болатын. Топан судан кейін көрікісіз күйге түсті. Біз халық алдында уәде бердік. «Ешкім өтемақынсыз қалмайды, тіпті көмек көрсетеміз» дедік. Сол уәдемізді орындадық. Осы маннан екі шақырым жерден «Наурыз» саяжайы

бөйі түзеді. Ал бұл жерде Бірінші Президент атындағы үлкен ұлттық парк болады деп айтқан едік. Қыс бойы дайындық шаралары жасалды. Көктемнің алғашқы күнінде міне, парктің іргетасын қалап, талдарын ектік», — деді облыс әкімі.

Осы жылы «Көксарай» су қоймасын салу мәселесі қайта көтерілді. Үкімет үйінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев елдің отүстүгінде су қоймасын салу мәселесі бойынша жұмыс кенесін өткізді. Онда тараптардың дәлелдерін тыңдаған Елбасы ұзаққа созылған даудың нүктесін қойды. «Үлкен шығындарға барып, жаңа су қоймасын салу — бұл оңай шешім емес. Бірақ та бізде басқа таңдау жоқ. Сондықтан мәселені түпкілікті шешейік — «Көксарай» салатын боламыз. Бұл мәселені, Батыс Қазақстанның отүстүгіне тартылатын газ құбыры секілді нысан — ол пайда әкелмейді, бірақ көптеген проблемаларды шешуге көмектеседі», — деп қорытындылады Президент.

12 мамырда Президент Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Қызылорда келді. Елбасы Сыр елінде әлеуметтік экономика салаларында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстармен танысты және облыстың жаңа әкімін тағайындады. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің орнына Болатбек Қуандықов Қызылорда облысы әкімі лауазымына кірісті.

Осы жылы Қазақстанға этникалық отандастарымыздың көшіп келу квотасын туралы Президент Жарлығы шықты. Сонымен қатар, Елбасының қатысуымен Елордада «Жас Отан» Жастар қанатының I съезі өтті.

Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негізінде жаңа мейрам — 6 шілде — Астана күні тарихқа енді. Елбасы осы Астана күні мерекесі қарсаңында елімізге келген шет мемлекет Президенттерімен екіжақты кездесу өткізді. Астананың онжылдығы кең көлемде аталып өтілді. Әр өңір тарту жасалды. Атауды күнде Сыр бойының тартуы — «Қорқыт-қобыз» скверінің ашылуы салтанаты өтті. Сондай-ақ, мереке аясында елордалық «Қазақ елі» монументінің ашылу салтанаты болып өтті. Идеяның негізгі авторы — Елбасы Н.Назарбаев. Монументтің биіктігі — 91 метр. Бүгінде бұл монумент қалаға айрықша көрік беріп тұр. КХР Астанасы Бейжіңде 29 жұлдыз Олимпиада ойындары өтті. Төртжылдықтан ең басты спорттық жарысының ресми ашылу салтанатының әлемнің 80-нен астам елінің мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Олардың ішінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та бар. Жалпы Бейжің Олимпиадасына әлемнің 200-ден астам елінен 11 мыңға жуық спортшы қатысты. Олимпиада ойындарында 41 спорт түрінен 302 медаль жиынтғы сарпақа қалды. Бейжіңде өткен ойындарда қазақстандық спортшылар спорттың 6 түрінде 13 медаль иеленді. Сыр өңірін 11 спортшы қатысты. Соның ішінде ауыр атлет Илья Ильин чемпион атанып, ел бойымыз асақатқаны күні кешегідей көз алдымызда.

Аудан жаңалықтары

Жаттығудан басталған сенбілік

Қызылорда. Қала әкімінің орынбасары Бектас Нұршиев «Шұғыл» иттің ауданы №9 конкабаты тұрғын үй аудасында, қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметкерлерімен бірге сенбілікке қатысты.

«Таңдауым – таза қала»

Арал. Аудандық білім бөлімінің бастамасымен қала мектептері оқушылары арасында санитарлық таландары сақтай отырып, «Таңдауым – таза қала» акциясы ұйымдастырылды.

Үйірме жұмыстары жанданды

Қазылы. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен «Мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындарында үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жандандыру жолдары» атты аудандық семинар-кеңесі өтті.

Мәре-сәре сауда жасады

Қармақшы. Жосалы кентіндегі Тәуелсіздік сабағының алдында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Көшпелі отырыс

Жалағаш. Ауданда «Серіктес директорлар» лигасының «Білім берудегі жаңа бағытты» тақырыбында көшпелі отырыс өтті.

Қаржыгерлерді қабылдады

Сырдария. ҚР Ұлттық валюта және қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арал аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев сала ардагерлері мен мамандары қабылдады.

Төл мереке мерейі

Шиелі. Аудан әкімі Нариман Мақұлбековтің қатысуымен 15 қараша – Ұлттық валюта күніне арналған «Ұлттық теңге – мақтанышымыз» атты салтанатты кеш өтті.

«Жұлдызым» ән кеші

Жаңақорған. М.Косенов атындағы мәдениет үйінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай тағалымды шара ұйымдастырылды.

Зайырлы қоғам сипаты қандай?

Қазір мемлекеттердің өз мүдделерін қорғау жолында күресуі көп жағдайда саяси, экономикалық принциптерге сүйеніп жасалғанымен, демократиялық қоғамда зайырлыққа қағидасы халықаралық қатынастардың ажырама бір бөлігіне айналып отыр.

XXI ғасырда секуляризм қағидатын ұстанатын отырған мемлекеттер ресми діндері бар мемлекеттермен салыстырғанда басымдау. Секуляризм дегеніміз – мемлекеттің діннен бөлектенуін білдіретін зайырлық ұғымы болғанымен кең мағынада түсіндіруді талап етеді.

Республикасының Конституциясының 1-бабында мемлекеттің зайырлық сипаты нақты жазылған. Осы бағыттағы жұмыстарға қоғамның барлық саласы толыққанды қатысып келеді.



Мәлімта Ұрғашқы, М.Толыбеков атындағы №3 ІП мектеп-лицейінің мұғалімі

Имаш мұғалім

Менің атам Имаш Нақыпұлы 1893 жылы Қараөзек болысы Айнақол ауылында елге танымал Нақып жыраудың отбасында дүниеге келіпті.

та жараланып, госпиталға түседі. «Қызыл Жұлдыз» ордені және 1941-1945 жылдары «Кенес Одағы әскерінің Герман фашистерін жеңгені үшін» медалі иеленген Омар соғанстан 1944 жылы оралып, ішкі істер бөлімінде қызмет етті.

Осы медресеге оқуға түсіп, оны 1913 жылы да молла атағанымен бітірген Имашты Досжан хазіреттің адамдары қалап, Ақтөбе қаласына алып кетеді. 1913-1918 жылдары Имаш Досжан хазірет медресесінде да молла дәрежесінде дәріс береді.

алып, бір-біріне серік етіп жібереді. 1945 жылғы 9 мамыр күні Калинин ауылындағы Калинин атындағы мектепке сабаққа келген бізді ұстазымыз: «Бүгін сабақ болмайды, Жеңіс, біз жеңдік, үйлеріне барып, ата-аналарыңнан сүйінші сұрандар» деп қайтарып жіберді.

Егемендік – ел мұраты

Билік еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде тұғырын тіктегеніне 30 жыл толуын атап өтеміз. Бұл – Тәуелсіз еліміздің төл тарихындағы осы күнге дейінгі ең аяулы оқиға болмақ.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықстың қауысуымен Президент сайлауы өтті.


иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттерімен халықаралық құқықтық принциптер негізінде өзара байланыс жасайды деп көрсетілді.



Ирина БӨКШЕВА, Қызылорда облысы Әйгілі департаментінің басшысы

Айт ата ардақталды

Өткен сенбиде Жанкожа батыр ауылының аумағындағы «Өлең-айт» көпіріне жақын маңда қасиет қонған Айт Торымұлы бабаның өмірге келгеніне 300 жыл толу құрметіне ұрпақтарының демеушілігі, тікелей араласуымен салынған ежелгі ескерткіш-кесененің ашылу рәсіміне куә болдық.



Қазалы ауданы, Жанкожа батыр ауылы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайық. Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мұрат Қарбөкөвич (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 14 мамырында қайтыс болған азамат Кеңібеков Қозыбай Тұрсыновтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

